

а вспомогательное производство. Долгосрочное процветание региона зависит от того, насколько развита в нем инфраструктура и насколько она готова взять на себя нагрузку нового основного производства. Чем больше развита инфраструктура (вспомогательное производство), тем более гибкой является вся экономика региона, тем на более прочной основе базируется его экономическое развитие и процветание.

Таким образом, в условиях быстрой смены основных производств главным фактором устойчивого экономического развития становится степень развитости всей городской инфраструктуры. Это дает основание по-новому взглянуть на роль так называемых вспомогательных производств, оценить их как первичный фактор экономического развития и залог его процветания в будущем.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Карелова Г. Социальная защита: вчера, сегодня и завтра // Человек и труд. – 2002. – № 6. – С. 24.
- 2 Шеломенцева В.П. Управление уровнем жизни населения региона. – Тюмень: Изд-во Вектор Бук, 2001. – 105 с.

#### ТҮЙІН

*З.А. Арынова, кандидат экономических наук,*

*А.Н. Канафина*

*Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)*

#### *Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мақсаттары мен өлшемдері*

*Айтылмыш жұмыста аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өлшемдері мен мақсаттары зерделенген. Жұмыста ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттар және оларға елдің экономикалық дамуының сәйкес келетін өлшемдері көрсетілген.*

*Түйінді сөздер: аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының өлшемдері.*

#### RESUME

*Z.A. Arynova, candidate of Economic Sciences,*

*A.N. Kanafina*

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

#### *The main objectives and criteria for socio-economic development of the region*

*In this work the purposes and criteria of social and economic development of the region are studied. In work long-term and short-term objectives and criteria of economic development of the country corresponding to them are allocated.*

*Key words: indicators of development of the region, purpose of social and economic development of the region, criteria of social and economic development of the region.*

**ӘОЖ 338.436.33 (574)**

**А.С. Нарынбаева**, экономика ғылымдарының кандидаты,

**З.А. Арынова**, экономика ғылымдарының кандидаты,

**Т.А. Омаров**

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: narunbaeva@mail.ru

#### **Шаруашылықты жүргізудің қазіргі заманғы шарттарында агроөнеркәсіптік өндірісте инновациялық технологияларды қалыптастыру**

*Аңдатпа. Жұмыста Қазақстанның АӨК болып жатқан инновациялық үрдістердің талдауы жүргізілді және аграрлық өндірісті әрі қарай дамытудың негізгі бағыттары көрсетілді. Инновациялық технологияларды қолдану халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, агроөнеркәсіптік өндірістің*

*тиімділігін жоғарылату, қоршаған ортаны қорғау бойынша АӨК әлеуметтік – экономикалық мәселелерді шешудің ең тиімді және іскерлік құралы болып табылады.*

**Түйінді сөздер:** *инновациялық үрдіс, инновациялық технологиялар, экономикалық нәтиже, ауыл шаруашылық өнім.*

Аграрлық өндірісті дамытудың маңызды стратегиялық басымдылықтарымен ғылым мен техниканың жетістіктерін меңгеру арқылы өндірістің үздіксіз жаңартылуын жүргізуге көмектесетін ғылыми – техникалық прогресс және инновациялық үрдістер болып табылады.

Алайда инновациялық-аграрлық өндірісті қалыптастыру үшін олардың дамуын тоқтататын талай мәселер бар, олар: инвестицияның жеткіліксіз деңгейі, несие үшін едәуір жоғары пайыздық ставкалар, кәсіпорынның инновацияларды іздеуін жүзеге асырудың және оларды меңгеру мен іске асырудың мүмкіншіліктерін айырады. Осыған еңбекті төлеудің төмен деңгейі, мамандырылған кадрлардың тапшылығы, ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өніміне құнының диспаритеті, инновациялық инфрақұрылымның дамуының төмен деңгейі және т.б. Сондықтан инновациялық саясатты жасау мен өткізу аграрлық өндірісті дамытудың өзекті мәселелері болып табылады.

Ғылыми-техникалық инновациялар экономиканың жаһандану шарттарында ауыл шаруашылық өнімнің және азық-түліктің бәсекелестік қабілеттігінің деңгейін анықтайды. Жоғары технологияларды, басқаруды және еңбекті ұйымдастыруды жаңа формалар, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін іске қосуға бағытталған инновациялық саясат динамикалық әлеуметтік-экономикалық дамудың шешуші шарты болады.

Қазақстанда 2003-2015 жж. экономиканың салаларын диверсификация арқылы елдің тұрақты дамуына жету және ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға ауысу үшін жағдайларды жасау мақсатымен белсенді мемлекеттік инновациялық саясатты жүргізуді ұйғаратын Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы іске асырылады. Пайда болатын мәселелерді жеңу үшін мемлекеттік инновациялық саясатта инновациялық дамудың әлемдік тәжірибесінің талдауында негізделген кешенді сипатты келтіру қажет.

АӨК инновациялық үрдіс өндірістік ерекшеліктермен сүйенген өзінің спецификасы бар, олар: ауыл шаруашылық өнімнің және оның қайта өңдеу өнімдерінің түрлерінің көпшілігі, оларды өндірудің және өңдеу технологиясындағы елеулі айырмашылығы; ауыл шаруашылық өнімнің және оны қайта өңдеу азық-түліктерінің жеке түрлері бойынша өндіріс кезеңіндегі үлкен айырмашылықтар; ғылыми-техникалық өнімді өндіретін ұйымдардан тауар өндірушілердің оңашалануы; тауар өндірушілердің инновациялық қалыптастырулармен байланыстарының және формаларының көптігі; тауар өндірушілеріне ғылымның жетістіктерін берудің нақты және ғылыми дәлелденген ұйымдастырушылық-экономикалық механизмнің жоқтығы, сонын салдарынан өндірістегі инновацияларды меңгеру бойынша саласының елеулі артта қалуы.

Инновациялық саланың табысты іске асырылуына ғылымсымақ өнімнің өндірісіне қаражат салатын инвесторларды ынталандыру бойынша шаралары көмектеседі. Оларды тираждау аграрлық өндірісте үрдістердің инновациялық дамуын тездетуге көмектеседі.

Аграрлық өндірістің тиімділігіне әсер ететін инновацияларды меңгеру мен әсер ету механизмдері факторлардың кешенінен тәуелді болады. Оларға жататындар: ұйымдастырушылық (инновациялық жобаларды жасау, инвестицияларды ұйымдастыру және меңгеру); экономикалық (инвестициялау, ресурстармен қамтамасыз ету); инвестициялық (техникалық құрадармен техника-технологиялық қамтамасыз ету, технологиялық талаптарды бұзбау); биологиялық (инвестициялардың сапасын жақсарту, оларды меңгеру үрдістерінің биологизациясы); әлеуметтік (кадрлармен қамтамасыз ету).

Кешенді және объективті бағалау үшін белгілердің көптігінен сүйену қажет, ал оларды таңдауда инновациялардың жаңалығының дәрежесін, әлеуметтік маңыздылығын және оларды қолданудың экономикалық қауіпсіздігін ескеру қажет.

Ғылыми техникалық өнімді енгізудің экономикалық тиімділігін жалпы өнімнің артуының, жер ауданының бірлігіне жалпы табыстың, өндіріс рентабельділігінің көрсеткіштері есептейді, сонымен қатар жалпы өнімнің, жалпы табыстың құны, 1 га ауылшаруашылық жерлеріне деген, 1 га шабындыққа деген, бір ортажылдық жұмыскердің, 1 адам-күннің, негізгі өндірістік қордың 100 теңгесіне деген, жиынтық қаражаттың 1000 теңгесінің кірісі, өнімнің түрлері бойынша өзіндік құнның төмендеуі.

Табиғи ортаның ластануын төмендету тиімділігінің натуралды көрсеткіштері жеке назарға лайық болады: ғылыми-техникалық үрдістің әлеуметтік салдары, халықтың өмір сүруінің экономикалық деңгейін жоғарлату, табиғи-экологиялық және экологиялық-экономикалық эффектісі [1].

Ауыл шаруашылық өндіріске инновациялық жетістіктерді енгізудің көп векторлық сипаттамасы бар және көлемділігімен айрықшаланады. Мысалы: жұмсақ бидайды өндірген кезде ресурсты үнемдеуші технологияларды пайдалануға және дөңді терең қайта жасауға; мал азығы мақсаттарында азық-түлікті бидайдың көлемін төмендетуге; дән дақылдарының егістіктерін Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарының территорияларына көбінесе негізделген, тым қолайлы топырақтық-климаттық зоналарға негіздеу ұсынылады. Егілудің агротехникасының барлық амалдарын қадағалаумен интенсивті технология 16-18 ц/га кем емес астық өнімділігімен күшті бидайдың жоғары протеинді дәнін алуға

мүмкіндік береді. Сол себептен мемлекеттік қолдау шаралары арнаулы болуы қажет және қаражат приоритетті дақылдардың ұсынылатын егістік ауданына сәйкес үлестіріледі.

Есептеулер көрсеткендей, шикізат үнемдеуші технологияларын пайдаланумен байланысты өндірісті тиімді орналастыру 34-35% төмен емес рентабельділігіне жетуге көмектеседі. Интенсивті технологияларды енгізу қатты бидайды егу кезінде және оның егістігін 450 мың га үлкейтілуі, өсіп-өнудің әр түрлі мерзімдері мен сорттардың оңтайлы байланысы, жоғары сапалы, жоғары өнімді тұқымдарды пайдалану және мемлекеттік қаржылық қолдаудың өсуі және т.б. астық өнімділігінің 14 ц/га дейін (51,8% дейін) өсуін қамтамасыз етеді.

Суландырылған егін шаруашылығы зонасында дөнге деген жүгері егістігінің концентрациясы, селекция мен тұқым шаруашылығының дамуы, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану (льготалық бағалар бойынша минералды тыңайтқыштар қамсыздандыру, суармалы судың субсидиялары, техниканың лизингі және т.б.) 40-45% дейін рентабельділіктің жоғарлауына әрекет жасайды.

Рапс бойынша егістік аудандардың үлкейту, осы дақылдарды егудің озат амалдарын меңгеру астық өнімділігін 3,8-ден 12 ц/га көтеруге көмектеседі. Бұл үшін май тұқымдарын кептіру, тазалау және сақтау жүйелерімен элеваторларды ауыл шаруашылық қалыптастыруларын техникалық жабдықталғандығын қамтамасыз етілуі, осы дақылдарды тұқым шаруашылығы бойынша заң шығарушы-нормативті құжаттарының жетілдірілуі қажет болады. Нәтижесінде рапс тұқымдарының өндіріс рентабельділігінің деңгейі бірнешеге көтеріледі.

Ұлттық өндіріс салаларында күнбағыс егістігінің азаюы және бидай алаңдарының қысқартылуы нәтижесінде елдің басқа аймақтарында үлкеюінің есебінен күнбағысты егу аудандарын оңтайландыру, бюджеттік бағдарлама шегінде арнайы квоталарды бөлу арқылы мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру, отандық сорттар мен гибридтерді жасау бойынша ғылыми зерттеулерді ыңғаландыру астық дақылдарын 5,9-дан қазіргі уақытта 9,0 ц/га дейін үлкейтеді.

Өндіріс көлемінің өсуі, импорттың төмендеуі, қайтаөндеу көлемінің және ассортименттің кеңеюі, сапаны қамтамасыз ету сыртқы және ішкі нарықта жеміс шаруашылығы өнімінің бәсекелестік қабілеттілігінің өсуіне әрекет жасайды.

Өсімдік шаруашылық өнімінің төмен рентабельділігі, ең алдымен жанар-май материалдарына өскен шығындардың есебінен, жоғары шығындар, ауыл шаруашылық дақылдарының төмен астық өнімділігі шикізат үнемдеуші технологияларды қолдануды талап ететінің жалпы атап өту қажет. Есептеулер ұлттық технологиялар кезінде 1 га дән егістіктеріне деген тура өндірістік шығындар 83,1 долл., минималды – 68,6 долл., нольдік – 74,8 долл. құрайтының көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша аграрлық өндіріс ұсақ тауарлы және төмен рентабельді болатыны дәлелденді, бұл инвестициялық ресурстар ретінде табыстың жиналуына кедергі жасайды, соның салдарынан материалды-техникалық қамтамасыз етілуі төмендейді. Ауыл шаруашылығына жіберілген инвестициялардың көлемі Қазақстанның инвестициясының жалпы көлемінен 1,8% құрайды, мемлекеттік басқаруға – 82%, өнеркәсіпке – 47,4% және транспортқа – 10,3%. Ауыл шаруашылық өндірісте инновацияларды инвестициялау келесі бағыттарда іске асырылады: өсімдік шаруашылығы, оның инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы 56,6% құрайды, мал шаруашылығы - 28,8%, мелиорация – 2,1%.

2010 ж. ауыл шаруашылығының мәселелерін шешуге 97 млрд теңге бөлінді. 2011-2012 жж. «КазАгро» АҚ 11 приоритетті бағыттар бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 120 млрд теңге бөлінді.

Ішкі нарықтың талаптары ауыл шаруашылық өнімнің негізгі түрлері бойынша қанағаттандырылады. Алайда өсімдік маймен қамтамасыз етілуі бойынша – 75%, жеміс және жидектермен - 30%, ерте көкөніспен және қантпен – 6%. Құс еті бойынша импорттық тәуелділік 33% қанағаттандырылады. 2010 ж. мемлекеттік бағдарлама шегінде жылдамдатылған индустриалды-инновациялық даму бойынша эксплуатацияға АӨК 48 объектісі енгізілді. Алайда, Қазақстандағы мал шаруашылығы саласының шикізаты іске толық емес қосылды. Саланың дамуына кедергі жасаған себептерімен өндірістің маусымдық сипаты, жануарлардың жоғары емес генетикалық әлеуеті, жеммен қамтамасыз етудің жетіспеушілігі болып табылады, сонымен қатар, мал көбінесе халықтың шаруашылығында болады.

Бүгінде республикада мемлекеттік субсидияларсыз бәсекелестік қабілеттілігі бар өнімдерді шығарудың мүмкіндіктері бар және әлемдік нарықта өзінің орнын алуға болады. 187,1 млн га жайылымы бар Қазақстан экономиканың табысты салаларының біріне мал шаруашылығын шығара алады. Алайда, бұл үшін шығарылатын өнімнің сапасын, асыл тұқымды жануарлардың үлесін үлкейту арқылы жануарлардың өнімділігін жоғарлату қажет, ірі-тауарлы фермаларды және мал жемдейтін алаңдарды ашу қажет.

Қазіргі уақытта республикада мал шаруашылығында бірнеше жарып өткен жобалары іске қосылады. 2010 ж. Ақмола облысында ірі сүт-тауар кешендері пайда болды. Қазіргі уақытта бір сиырдан орта тәулік сауылым 22 кг құрайды, бұл жылына 6,6 мың кг өнімділігіне сәйкес келеді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылық өндіріске әлемдік селекцияның жоғары өнімді тұқымдарын қолдануымен сүтті малдың бәсекелестік қабілетті типтерін жасау, табыннан төмен өнімділікті жануарларды шығару, тұрақты мал жемдейтін базаны жасау, жануарларға толық жарамды және теңгерімделген жем беруді қамтамасыз ету

бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары іске қосылады. Бұлар сиырлардың өнімділігін орта есеппен 2100-ден 3000 кг дейін, сүтті өндіру рентабельділігінің деңгейін – 29,6% дейін жоғарлатуға мүмкіндік жасайды.

Шетел селекциялы жоғары өнімді жануарларды әкелу, ірі масштабты селекцияны іске асыру, мал басын жасанды ұрықтандырумен 100% қамтылуы, эмбриондарды трансплантациялау әдістерін қолдану есебімен үш кейінгі жылдар арасында табынның кеңейтілген қайта өндірісі үшін асыл тұқымды жануарлардың үлес салмағы 10% жетеді, ал 2016 ж. – 20%.

Бұл шаралардың іске асырылуы ішкі нарықтың сүт өнімімен шылыққандығы, қайта өңдеу кәсіпорындарында бар қуаттылықтың іске қосылуына әрекет жасайды, ал етті өндіру бойынша республика ішкі тұтынушылықты ғана қамтамасыз етпей, сыртқы нарыққа тұрақты шығуды да қамтамасыз етеді.

Мамандырылған етті тұқымды мал өсіру аймақтарын кеңейту (қазақтың ақбасты және әуликөлді), өнеркәсіптік будандастыру әдістерін кең қолдану, тұрақты мал жемдейтін базасын жасау, ірі мал жемдеу кешендерін ұйымдастыру, малды жайып семірту бойынша аз шығынды технологияларды қолдану (табиғи жайылымдар) 157-ден 200 гк дейін 1 басқа еттің шығуын үлкейтеді, бірлік өнімнің құнын төмендетеді.

Ет-салдык қой шаруашылығын – еділбай қойларының тұқымды малды өсіру зоналарын кеңейту, ал осы жануарлардың салмақ кондицияларын жоғарлату мақсатында – оларды гиссарлық тұқымды қойлармен будандастыру, тірі қой мен шикізатты экспорттау бойынша карантинді алаң жасау, табиғи жайылымдарды (өсіріп жеткізу) максималды пайдалану арқылы қойларды өсірудің төмен шығынды технологияларын қолдану және басқа факторлардың есебінен қойдың құны төмендейді, жалпы саланың рентабельділігі жоғарады. Құс шаруашылығының еті бойынша асыл тұқымды базаның дамуы, әлемдік кросстарды пайдалану, коспажемдер құнының арзандалуы, өндірістің технологиялық үрдістерін және етті қайта өңдеуді модернизациялау, импорттан қорғау өнімінің бірлігіне деген шығындарды 12% дейін қысқартады, ал рентабельділігінің деңгейі 18% дейін көтеріледі.

Қазақстанның ауыл шаруашылық өндірісін мен қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатымен инновацияларды енгізу үшін есептеулер көрсеткендей 2011-2015 жж. 1264 млрд теңге көлеміндегі инвестицияларды салу қажет, сонымен бірге кәсіпорынның жеке меншік қаражаты – 614 млрд теңге (48,6%), лизинг және басқа несиелер – 650 млрд теңге (51,4%).

Өсімдік шаруашылығына 754 млрд теңге (59,7%) инвестициялар қажет, мал шаруашылығында және қайта өңдеуге – 510 млрд теңге (40,3%), олардың ішінде шет елдерінде асыл тұқымды мал сатып алуға – 360 млрд теңге (70,6%). 35 мың тракторлар, 15 мың комбайндар, 3 мың егістік кешендері және 19 мың егін оратын машина сатып алуға, 20 сүт-тауарлық фермаларды, 50 мал жемдейтін алаңдарын, 10 құс фабрикаларын, 4 шошқа кешендерін салуға, шет елдерде 72 мың асыл тұқымды ірі мүйізді малдар бастарын және т.б. сатып алуға қарастырылды. Қолданған шаралар есебінен ауыл шаруашылық техниканың тозушылығы 75%-дан 60% дейін төмендейді және бәсекелестік қабілетті ауыл шаруашылық өнімнің өндірісінде шикізат үнемдеуші технологияны енгізудің мүмкіндігі пайда болады.

Өндірістік құрылыстардың құрылысы (сүт-тауарлық фермаларды, мал жемдейтін алаңдарын, ет комбинаттарын және т.б.), асыл тұқымды малдың сатып алуы еңбек өнімділігінің кенеттен жоғарлауының есебінен мал шаруашылығының өнімінің өндірісі мен қайта өңделуіне прогрессивті технологияларды енгізуге көмектеседі.

Әкелінген жоғары өнімді мал асыл тұқымды ядросы болады және елдің тұқымды малдың үлес салмағын жоғарлату үшін және тұқым аралық будандастыру мен селекция арқылы отандық тұқымдардың генетикалық потенциалын жақсарту үшін де белсенді қолданыла бастайды.

Жарып өткен жобалардың бірі тұқым шаруашылығының дамуына бағытталған. Қазіргі уақытта республиканың ғылыми-зерттеу ұйымдармен өндірілетін тұқымдармен 17% тұтыныстары ғана қанағаттандырылады. 2009 ж. бастап тұқым шаруашылық линиялары пайда болады, жабдықтаулар сатып алынады, 2014 жылға нарықтың 53% тұтыныстары түп нұскалы тұқымдармен қамтамасыз етуі жоспарланды [2].

Ауыл шаруашылық өндірістегі аса өткір мәселе – суармалы судың тапшылығы. Осы себеппен Агротехнологияларды трансферттеу мен коммерциализациялау орталығы жер суландыру жүйесін жасау мен жобалау бойынша инжинирингтік орталықтың ұйымдастырылуын қарастырады. Оның негізі болып отандық және шетел жұмыстары табылады.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылық дақылдар, сонымен қатар көкөністерді (томаттарды, қиярларды) өсіру кезінде прогрессивті, су үнемдеуші технологиясы болып табылатын ашық және жабық жер үшін тамшылық жер суландыру ауыл шаруашылық техника мен жабдықтауға үлкен қаражатты салымдарды талап етпейді.

Ауылшаруашылық кәсіпорындардың өндірісті ұйымдастыру және еңбек саласындағы инновациялық қызметі аймақтардың ауыл аруаылығының инновациялық дамуының тұжырымдамасында негізгі бөлігі болып табылады. Бұл қазіргі заманғы мал шаруашылығы кешендерінің жобаларында салынған жаңа ұйымдастырушылық-технологиялық шешімдерді пайдалануды ұйғарады.

Өнімдерді сақтау технологияларының қағидалық өзгертілуі қажет. Инновациялардан басқа өнімнің өндіріс үрдісіне тікелей іске қосылған үлкен экономикалық эффект оның сақталу саласына жаналықтар береді. Сонымен біршама ұзақ сақтауды талап ететін (картоп, жемістер, көкөністер, жемдер және т.б.)

өнімдер түрлері бойынша сапасының жоғалтуын минимизациялау есебінен өндіруі осы дақылдардың 25-30% астық өнімділігінің өсуімен салыстырмалы қосымша эффектіні алу мүмкіндігі бар.

Перспективалы бағытпен өнімді жүзеге асыру аймағында инновацияларды іске қосуды есептеуге болады. Бірінші кезекте бұл тура өндірістік байланыстарды қою арқылы «өндіруші-делдал-тұтынушы» тізбегінің қысқартылуымен, жоғары тауарлық сапаларға дейін өнімдерді аяқтап істеу және оны жоғалтпай тұтынушыға дейін жеткізу. Инновациялық эффектіні алудың басқа қайнар көзімен өнімді сақтаудың инновациялық технологияларын қолдану нәтижесінде өнімді жүзеге асырудың оңтайлы графигін таңдау болып табылады.

Сонымен бірге агроөнеркәсіптік өндіріске ғылымның жетістіктерін және алдыңғы тәжірибені қолданудың аспектісіндегі инновацияларды қарастырған кезде келесіні қорытындылауға болады: инновациялық қызмет – бұл фундаментті жұмыстарды қолданбалы пайдаланумен байланысты ғылыми-техникалық прогресстің құраушы бөлігі. Ғылым мен техниканың үздіксіз дамуынсыз инновациялық үрдістер үшін база шектеулі болып қалады және жеке кәсіпорындармен жиналған фактілердің қолдануына әкеп соқтырады. Өз кезегінде инновациялық қызмет тәжірибеге ғылымның шығуын қамтамасыз ете келе ғылыми ойлар мен нәтижелерді мақұлдау үшін материалды ортаны және эксперименттік базаны қалыптастырады.

### **Қолданылған деректемелердің тізімі**

1 ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты // <http://kz.government.kz/structure/org/m10>

2 2010-2014 жылдарға Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің стратегиялық жоспары. № 2339 31.12.2009 ж. ҚР Үкіметінің Қаулысы.

### **РЕЗЮМЕ**

*А.С. Нарынбаева, кандидат экономических наук,*

*З.А. Арынова, кандидат экономических наук,*

*Т.А. Омаров*

*Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

#### ***Формирование инновационных технологий в агропромышленном производстве в современных условиях хозяйствования***

*В работе проведен анализ инновационных процессов, происходящих в АПК Казахстана и рассмотрены основные направления дальнейшего развития аграрного производства. Применение инновационных технологий является наиболее действенным и эффективным средством решения социально-экономических задач АПК по обеспечению населения продовольствием, повышению эффективности агропромышленного производства, сохранению окружающей среды.*

**Ключевые слова:** *инновационный процесс, инновационные технологии, экономический эффект, сельскохозяйственная продукция.*

*A. Narynbayeva, candidate of Economic Sciences,*

*Z. Arynova, candidate of Economic Sciences,*

*T. Omarov*

*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

#### ***Creating innovative technologies in agricultural production in the contemporary economy***

*The paper analyzes innovation processes in Agro-Industrial Complex of Kazakhstan and gives the main directions of further development of agribusiness. The widespread use of innovation is the most efficient and effective means of solving the socio-economic tasks of Agro-Industrial Complex to provide food, increase the efficiency of agricultural production and protect the environment.*

**Key words:** *innovative process, innovative technologies, economic effect, agricultural products.*